

Қазақстан Республикасы ғылым және жоғары білім министрлігі
«Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті» КеАҚ

БЕКІТЕМІН
Академиялық сапа жөніндегі
комитетінің төрағасы
«  » _____ 2023ж.



**6В04245-Құқықтану (азаматтық
құқықтық) білім беру бағдарламасы
бойынша түлектер моделі**

Қызылорда қ, 2023

МАЗМҰНЫ

Кіріспе

- 1 БББ сипаттамасы**
- 2 Білім беру бағдарламасын бітіруші моделін қалыптастырудағы құрама компоненттері**
 - 2.1 Білім беру бағдарламасының мақсаттары**
 - 2.2 Білім беру бағдарламасының міндеттері**
 - 2.3 Жалпы және бейіндік құзіреттіліктері**
 - 2.4 Білім беру бағдарламасының оқыту нәтижелерін қалыптасатын құзіреттіліктермен салыстыру матрицасы**
 - 2.5 Маманның жеке қасиеттері**

Қорытындылар

КІРІСПЕ

Бітіруші түлектін құзыреттілік моделін әзірлеу Болон процесінің негізгі бағыттарын жүзеге асырудың құзыреттілік моделі белгілі дәрежедегі (лауазымды), белгілі бір бейіндегі маман қандай кәсіби міндеттерді шеше алуы керек деген сұраққа жауап беруге арналған. Стейкхолдерлер және барлық мүдделі тараптардың қажеттіліктеріне жауап беретін ЖОО бітірушінің заманауи үлгісін қалыптастыру Қорқыт Ата атындағы ҚҰ-ның басты стратегиялық мақсаты болып табылады және оқу үдерісіне қажетті кадрлық, оқу-әдістемелік, ақпараттық және материалдық-техникалық ресурстармен қамтамасыз етіледі. Университетте еңбек нарығында сұранысқа ие бакалавриат түлектерін сапалы даярлауды қамтамасыз ету үшін мақсатты кадрлық саясат және жүйелі түрде университеттің материалдық-техникалық базасын жақсарту жүргізіледі.

1. БББ сипаттамасы

6B04245-Құқықтану (азаматтық құқықтық) білім беру бағдарламасы Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің Ғылыми кеңесінің 2019 жылғы 26 сәуірдегі хаттамалық шешімімен бекітілген. Қазақстан республикасының жоғарғы оқу орындарының бірыңғай платформасына 2019 жылдың 12 тамызында тіркелді. 2023 жылдың 06 маусымында өзгерістермен толықтырулар енгізіліп қайта тіркеуден өтті. **Құқықтану (азаматтық құқықтық) білім беру бағдарламасы** өңіріміз бойынша баламасы жоқ.

6B04245-Құқықтану (азаматтық құқықтық) жоғары білімнің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты негізінде еңбек нарығының қажеттіліктерін және тиісті салалық талаптарды, жұмыс беруші мекемелердің және тиісті сала ғалымдарының пікірлерін ескере отырып әзірленген және бекітілген құжаттар жүйесі

2. Білім беру бағдарламасын бітіруші моделін қалыптастырудағы құрама компоненттері

Білім беру бағдарламасын бітіруші моделін қалыптастырудың негізгі компоненттері білім беру бағдарламасының мақсаттары мен міндеттері, объектілері, кәсіптік қызмет түрлері мен бағыттары, маманның құзыреттілік моделі (1-қосымша) туралы ақпаратты, оның ішінде дескрипторлар, білім беру бағдарламасына сәйкес құзыреттердің түрі және білім беру бағдарламасының нәтижелерін қамтиды.

2.1 6B04246-Құқықтану (қылмыстық құқықтық) білім беру бағдарламасының мақсаты сот, құқық қорғау және арнайы органдарда қызметті жүзеге асыру үшін қажетті практикалық дағдыларды меңгерген мамандарды даярлау болып табылады.

2.2 Білім беру бағдарламасының міндеттері:

- Білім беру сапасын үнемі арттыру;
- Қазақстан Республикасындағы нормативтік құқықтық актілерге үдемелі мониторинг жүргізіп, тиісті өзгерістер мен толықтырулар енгізу;
- Оқытудың тиімді әдістемелерін енгізу бойынша тұрақты түрде ғылыми әдістемелік зерттеулер жүргізу;
- Білім алушылардың жұмысқа тұру көрсеткішін жақсарту үшін жұмыс берушілердің сұраныстарына талдау жасау;
- Ғылыми зерттеу жұмыстарын жүйелі түрде жүргізу;
- Практикаға бағытталған білім беру жүйесін одан әрі жетілдіру
- Практикалық дағдылардың беріктілігін анықтау үшін білім алушыларды психологиялық-физиологиялық мүмкіндіктеріне талдау жасау, арттыру бойынша ұсынымдар әзірлеу.

2.3 Жалпы және бейіндік күзіреттіліктері

Негізгі қолданыстағы нормативтік-құқықтық актілерді және құқықтың базалық көздерін білу;

Адамның негізгі құқықтарын қорғауға және қамтамасыз етуге бағытталған нақты жағдайға қажетті ұлттық және халықаралық актілерді білу және пайдалану;

Белгілі бір болашақ пәндік қызметке тән заңды сипаттағы құжаттарды жасау дағдыларына ие болу;

Нақты заң ісін іске асыру процесінде сотқа дейінгі, сот талқылауларындағы іс жүргізу әрекеттері туралы нақты түсінікке ие болу;

Нақты құқықтық нормаларды іске асыру процесінде құқықтық нормаларды кәсіби түсіну және түсіндіру қабілетіне ие болу;

Жеке және заңды тұлғалардың құқықтарын қорғау саласындағы Тараптардың құқықтық мүдделерін айқындай білу;

Өзінің лауазымдық міндеттері шеңберінде қылмыстық-процестік, Әкімшілік-процестік, тәртіптік, азаматтық-құқықтық рәсімдерді түсіну;

Нақты заң дел бойынша шешім қабылдау мақсатында нормативтік-құқықтық актілердің иерархиясы мен бағыныстылығына бағдарлану қабілетінің болуы;

Құқықты іске асыру процесінде өзінің лауазымдық құқықтары мен міндеттерін жүзеге асыру саласындағы құқықтық проблемаларды талдау қабілетіне ие болу;

Жеке және заңды тұлғалар үшін ауызша және жазбаша білікті заңды қорытындылар мен нақты істер бойынша консультациялар бере білу;

Белгілі бір салалық құқықтық норманы нақты заңды жағдайға (жағдайға) қолдана білу;

Жеке және заңды тұлғалар арасындағы құқықтық жанжалдың шешілуін анықтау қабілетіне ие болу

Жалпы және арнайы құзыреттер Оқу сабақтары процесінде жүзеге асырылады. Оқулықтар мен оқу құралдарының, әдістемелік және арнайы

әдебиеттердің нормативтік құқықтық актілерін пайдалану арқылы білім алушылар жалпы және арнайы құзыреттерді қалыптастыруға бағытталған білім мен дағдыларға ие болады. Студенттер практикалық дағдыларды кейс-кезеңдер, іскерлік ойындар, модельдік оқу соттары түрінде өткізілетін практикалық сабақтарда алады, сонымен қатар студенттер практикалық дағдыларды заң клиникаларында құқықтық кеңес беру процесінде, сондай-ақ студенттік академиялық ұтқырлықта алады. Оқыту процесінде құзыреттер Оқу-таныстыру, өндірістік және диплом алдындағы практикадан өту кезінде іске асырылады

2.4 Білім беру бағдарламасының оқыту нәтижелерін қалыптасатын құзіреттіліктер мен салыстыру матрицасы

Білім беру бағдарламасын меңгерудің негізгі мақсаты – білім алушылардың оқытудан күтілетін нәтижелерін қалыптастыру және олардың негізінде кәсіби құзіреттіліктер - жоғары мамандандырылған білім және осы білімді тиісті кәсіби мәселелерді шешу үшін қолдана білу.

Кәсіби құзіреттіліктің даму деңгейі еңбек нарығындағы маманның бәсекеге қабілеттілігін айқындайды, алған білімдерін нақты практикалық жағдайда қолдана алатын, талап етілген нәтижеге аз шығындармен және оңтайлы мерзімде қол жеткізуге қабілетті маман ретінде анықтайды.

Кәсіби құзіреттіліктердің оқу барысында қалыптасатын біліммен, білікпен және дағдылармен байланысы өмір бойы білім алуға арналған Еуропалық біліктілік шеңберімен (EQF) қамтамасыз етілген.

EQF – білім туралы куәліктердің, дипломдардың және біліктіліктердің айқындылығын, салыстырмалылығын, салғастырмалылығын және танылуын қамтамасыз ететін мета-жүйе. Еуропалық біліктілік шеңбері әр біліктілік деңгейінде оқыту нәтижелерін белгілеуге негізделген.

Білім беру бағдарламасын әзірлеу барысында білім алушыға қалыптасатын білім, білік және құзыреттілік жүйелік сипатқа ие, олар тек оқу барысында ғана емес, сонымен бірге кәсіби тәжірибе, зерттеулер және т.б. барысында қалыптасады.

Оқытудың күтілетін нәтижелері тұтастай алғанда білім беру бағдарламасының деңгейінде де (білім беру бағдарламасының төлқұжатында) және әрбір нақты пән деңгейінде (пәннің оқу жоспарында) төмендегідей сипатталады:

- білім алушыларға оқытудың доминанты ретінде нақты нәтижелерге қол жеткізуге бағытталған бағдарламаның (модульдің, пәннің) білім беру мақсаттары туралы түсінік беру; оқытудың жеке траекториясын тандау негізінде жүзеге асырылатын ақпаратты нақтылау;

- оқытушыға білім алушылар мен жұмыс берушілердің күтілетін ұстанымынан пәннің білім беру мақсаттарын анықтауға көмектесу; пәннің білім беру бағдарламасының компоненті ретінде рөлін және оның мазмұнды және технологиялық жетілдіру бағытын анықтау;

- білім беру бағдарламаларын үйлестірушілер мен әзірлеушілерді бағдарламаның мазмұнын бағалаудың объективті критерийлерімен, оның

модульдер мен жалпы бағдарлама шеңберіндегі қисындылығы мен келісімділігін қамтамасыз ету.

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінде оқу нәтижелері Б.Блум таксономиясының деңгейлерімен сипатталады: білімді түсіну, қолдану, талдау, синтез, бағалау (танымдық, функционалдық және жүйелік құзыреттілік).

Оқыту нәтижелері ретінде оқу және кәсіптік қарым-қатынас саласында тұлғааралық және әлеуметтік өзара іс-қимыл жасау қабілеті (әлеуметтік құзыреттер), сондай-ақ одан әрі жеке жетілдіру бағдарламаларын әзірлеу кезінде жеке білім жетістіктерін талдау және бағалау қабілеті (метақұзыреттілік) сипатталады.

Оқытудың күтілетін нәтижелері білім беру бағдарламасын құруда да, оқыту мен бағалау әдістерін таңдауда да негізгі нұсқаулық болып табылады.

Білім алушылар кез-келген уақытта кез-келген қолайлы тәсілмен мәлімделген күтілетін оқу нәтижелерінің зерттелетін пәндердің мазмұнына, қолданбалы оқыту мен бағалау әдістеріне сәйкестігі мен орындылығы туралы өз пікірлері мен ұсыныстарын тікелей пән оқытушыларына, сонымен қатар факультеттің әдістемелік бюросына немесе университеттің әдістемелік жұмысына жіберуге құқылы. Барлық жауапты тұлғалар білім алушылардың білім қажеттіліктерін қанағаттандыру және университеттің білім беру бағдарламаларын үнемі жетілдіріп отыру мақсатында күтілетін оқу нәтижелерін қалыптастыру үдерісінде білім алушылармен үнемі кері байланыс орнатуға міндетті.

2.5 6В04245-Құқықтану (азаматтық құқықтық) білім беру бағдарламасы бойынша маманның жеке қасиеттері.

1. Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің сараптама жасау және құрастыруын жүзеге асыру.
2. Мемлекет, жеке және заңды тұлғалардың арасындағы әкімшілік құқықтық қатынастардан туындайтын дауларды оңтайлы құқықтық құралдармен шеше алуы
3. Экономикалық қызметті мемлекеттік реттеу саласындағы Қазақстан Республикасының заңнамасын нақты жағдайларға қолдану; сауда мәмілелерін жасау үшін серіктестермен келіссөздер жүргізу.
4. Тарихи және заң тұрғысынан адам құқықтарына қатысты құқықтық нормаларды талдап, оларды мемлекеттік және мемлекеттік емес мекемелер мен ұйымдарда, құқық қорғау және сот органдарында сақтау мен қорғауды қамтамасыз ету.
5. Сот, прокурорлық-тергеу, адвокаттық және нотариаттық іс-әрекеттерді реттейтін құқықтық нормаларды қолдану, құқықтық және іс жүргізу құжаттарын ресімдеу, мемлекеттік, орыс және шет тілдерінде жария сөйлеу негіздеріне ие болу.
6. Білікті заңи қорытындылар мен кеңестер беру; халықаралық құқық

пен ҚР заңнамасына дәл сәйкес заңи іс-әрекеттерді жүзеге асыру; заңи, халықаралық-құқықтық және сыртқысаяси құжаттардың жобасын дайындау.

7. Қылмыстарға жол бермеу, оларды жасаудың себептері мен жағдайларын анықтау және жою; заңсыз мінез-құлықты бағалау және қудалау; ашу, тергеу, қылмысты квалификациялау.

8. Шетел тілін кәсіби деңгейде ауызша және жазбаша түрде игеру, оны кәсіби қызметте қолдану; ақпарат алу, деректерді есептеу, есеп беру, іскерлік хат алмасу үшін қазіргі заманғы ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану.

9. Ақпараттық технологияларды пайдалануды қоса алғанда, зерттеу жүргізу; алынған нәтижелерді бағалау; ауызша және жазбаша түрдегі ғылыми қызметтің нәтижелерін ұсыну; ғылыми эсселер, баяндамалар, ғылыми мақалалар, дипломдық жұмыстарды жазу, ғылыми жобаларға қатысу.

10. Заңгердің кәсіби қызметін жүзеге асыруды тиімді түрде ұйымдастыру, үнемі өз квалификациясын көтеру және магистратурада оқуды жалғастыруға дайын болуы.

11. Әлемнің тарихи-құқықтық, философиялық, діни көрінісінің әмбебап, жүйелік талдауын жүзеге асыру, ғылыми мәселені жүргізудің ғылыми пайымдаулар қабілеттілігін көрсету.

12. Өзінің көзқарасын қалыптастыра алу; топта жұмыс істей білу; отансүйгіштік, әділдік, құқықтық мәдениет, азаматтық және төзімділік қағидаттарына негізделген жеке қарым-қатынас дағдыларын игеру.

Қорытынды

6В04245-Құқықтану (азаматтық құқықтық) білім беру бағдарламасында білім алушылар жан-жақты ақпаратты меңгеру арқылы Еліміздің өркендеуіне, оның құқықтық қамтамасыз етілуіне ықпалын тигізеді.

Осы түлектер моделі сақталған жағдайда білім алушылар құқықтық қатынастардан туындайтын кез келген жағдайда тиімді позицияны тандай алатын қасиеті болады деп есептейміз.

Құқықтану кафедрасының меңгерушісі



Е.А.Алтаев